

№ 1 тұрғын үй үшін берілетін жәрдемақы нысаны бойынша тұрғын үй жәрдемақысын тағайындау және төлеу туралы мемлекеттік статистикалық есепті жасаудың тәртібі туралы НҰСҚАУЛЫҚ

Күшін жойған

Бұйрық Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі 1997 жылғы 8 желтоқсан № 7 Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 28 қаңтар № 443 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2008 жылғы 22 желтоқсандағы № 302-Ө бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2008.12.22 № 302-Ө бұйрығымен.

----- Бұйрықтан үзінді -----

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 40-бабына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

"№ 1 тұрғын үй үшін берілетін жәрдемақы нысаны бойынша тұрғын үй жәрдемақысын тағайындау және төлеу туралы мемлекеттік статистикалық есепті жасаудың тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 1997 жылғы 8 желтоқсандағы № 7 бұйрығының күші жойылды деп танылсын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 443 болып тіркелген).

2. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

Б. Сапарбаев

1 . Ж а л п ы н ұ с қ а у

Тұрғын үй үшін берілетін № 1 жәрдемақы нысаны бойынша тұрғын үй жәрдемақысын тағайындау және төлеу туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық статистикалық агенттігінің 1997 жылғы 1 желтоқсандағы № 72 қаулысымен бекітілген мемлекеттік статистикалық есепті аудандардың, қалалардың (Алматы қаласының) Тұрғын үй үшін жәрдемақы беретін орталығын жасап, оны есептік кезең біткесін 5-күні облыстық еңбек және халықты әлеуметтік қорғау басқармасына өткізіледі.

Облыстардың (Алматы қаласының) еңбек және халықты әлеуметтік қорғау басқармалары есепті есептік кезең біткесін 30-күні Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне өткізеді. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі облыстар (Алматы қаласы) шеңберінде жиынтық есепті есептік кезең біткесін 65-күні

Ұлттық статистикалық агентствого өткізеді. Есепке бірінші басшы немесе оның міндетін атқаратын адам қол қояды. Есеп Тұрғын үй үшін жәрдемақы беретін орталықта есептік кезең біткеннен кейінгі айдың алғашқы күніне қараған кездегі жағдай бойынша құрылатын алғашқы деректер негізінде жасалады. Есеп алғашқы жарты жылдық үшін және жыл үшін жасалады. 2. Нысандарды толтыру жөнінде ереже 01 бағанасында есеп беру кезеңінде тұрғын үй үшін берілетін жәрдемақыны тағайындауға өтініш жасаған отбасыларының саны көрсетіледі. 02 бағанасында Қазақстан Республикасы Үкіметі бекіткен қолданыстағы тәртіпке сәйкес тұрғын үй үшін жәрдемақы тағайындалған отбасыларының саны көрсетіледі. 03 бағанасында балаларына бірыңғай жәрдемақы тағайындалған отбасыларының саны көрсетіледі. 04 бағанасында есептік кезең ішінде тұрғын үй жәрдемақысы тағайындалған отбасыларының саны көрсетіледі. 05 бағанасында балаларына бірыңғай жәрдемақы тағайындалған отбасыларының саны көрсетіледі. 06 бағанасында есептік кезең ішінде тұрғын үй жәрдемақысы тағайындалған отбасыларының саны көрсетіледі. 07 бағанасында балаларына бірыңғай жәрдемақы тағайындалған отбасыларының саны көрсетіледі. 08 бағанасында есептік кезең ішінде тұрғын үй жәрдемақысы тағайындалған отбасыларының саны көрсетіледі. 09 бағанасында есептік кезең ішінде төленген тұрғын үй жәрдемақысы көрсетіледі. 10 бағанасында есептік кезең ішінде тағайындалған тұрғын үй жәрдемақысының сомасы көрсетіледі. 11 бағанасында есептік кезең ішінде отбасыларына төленген тұрғын үй жәрдемақысының сомасы көрсетіледі. 12 бағанасында есептік кезең ішінде тағайындалған тұрғын үй жәрдемақысының орташа мөлшері көрсетіледі. 13 бағанасында есептік кезең ішінде төленген тұрғын үй жәрдемақысының орташа мөлшері көрсетіледі. 3. Нысандарды толтыру үшін көрсеткіштерді есептеудің тәртібі

Отбасыларының және осы отбасылары мүшелерінің саны туралы деректер жәрдемақы алуға өтініш жасаған, сондай-ақ есептік кезең ішінде жәрдемақы тағайындалған және төленген отбасылары жөніндегі ай сайынғы мәліметтерден ж а с а л а д ы .

Мәселен, бірінші жарты жылдық ішінде жәрдемақы алуға 10 отбасы (01 бағана) өтініш жасады, ал жәрдемақы 8 отбасына тағайындалып (02 бағана), тек 6 отбасына ғана төленді (04 бағана). Осы отбасылардың саны отбасы құрамы туралы әрбір отбасы тапсырған құжат бойынша анықталады. Мәселен, егер 1 отбасының құрамы - 5 адам, 2-отбасынікі -4, 3-отбасынікі -6, 4-отбасынікі -8, 5-отбасынікі - 2, 6-отбасынікі - 10, 7-отбасынікі -1, 8-отбасынікі -7 адам болса, онда 06 бағанада 43 (5+4+6+8+2+10+1+7) деп көрсеткен жөн.

Есептік кезең ішінде тағайындалған және төленген жәрдемақылардың саны т у р а л ы деректер :

- есептік кезең ішінде жәрдемақы тағайындалған және төленген

отбасыларының саны туралы;

- есептік кезең ішінде жәрдемақы тағайындалған немесе төленген айлардың саны туралы деректерден құралады.

Бұл ретте бір отбасына тағайындалған немесе төленген жәрдемақының саны есептік кезең ішінде тағайындалған немесе төленген айлардың санына теңестіріледі.

Мәселен. Тұрғын үй үшін берілетін жәрдемақы орталығына жәрдемақы тағайындау үшін бірінші жарты жылдықта 100 отбасы өтініш жасады, олардан:

- 20 отбасына 1 қаңтардан бастап 6 айға жәрдемақы тағайындалды;
- 30 отбасына 1 наурыздан бастап 6 айға тағайындалды, бірақ алғашқы жарты жылдық үшін есепке оның 4 айы ғана енеді, ал қалған 2 айы жылдық есепті әзірлеген кездегі есепке енеді;

- 35 отбасына 1 мамырдан бастап 6 айға тағайындалды, бірақ алғашқы жарты жылдық үшін есеп кезеңінде оның 2 айы ғана енеді, ал қалған 4 айы жылдық есепті әзірлеген кездегі есепке енеді;

- 15 отбасына 1 маусымнан бастап 6 айға тағайындалды, бірақ алғашқы жарты жылдық үшін есеп кезеңінде оның 1 айы ғана енеді, ал қалған 5 айы жылдық есепті әзірлеген кездегі есепке енеді.

Сөйтіп, алғашқы жарты жылдықта тағайындалған жәрдемақының саны:

$$(20 \times 6) + (30 \times 4) + (35 \times 2) + (15 \times 1) = 325 \text{ - ке теңеледі.}$$

Төленген жәрдемақылардың саны да осылай есептеледі.

Тағайындалған және төленген жәрдемақылардың сомасы есептік кезең ішінде тағайындалған және төленген ай сайынғы сомаларды қосу арқылы анықталады және

мың теңгелеп қойылады;

Жәрдемақының орташа мөлшері былайша белгіленеді:

тағайындалған: 12 бағана - 10 бағана : 08 бағана.

төленген: 13 бағана - 11-бағана : 09 бағана.